

2023 жылдың 28 тамыз Казак ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «6D080800 – Топырақтану және агрохимия; 6D081100 – Өсімдік қорғау және карантин» мамандықтары бойынша философия (PhD) және бейіндік докторы дәрежесін алу үшін докторлық диссертация қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысының

## №10 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар:

Рамазанова Р.Х. – төрайымы,  
Кайрова Г.Н. – ғалым хатшы  
Калдыбаев С.К., Дуйсембеков Б.А.

### Күн тәртібінде:

6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Базарбаев Сұлтан Оразбайұлының «Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары жайылымдарының деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру» тақырыбы бойынша «ҰМҒТСО» АҚ «Антиплагиат» жүйесі арқылы алынған анықтамаға сәйкестік көздерінің фрагменттеріне негіздеме беру үшін сарапшылар құру және олардың шешімін қабылдау.

### Диссертациялық кеңес төрайымы Рамазанова Р.Х.:

6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Базарбаев Сұлтан Оразбайұлының «Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары жайылымдарының деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру» тақырыбы бойынша «ҰМҒТСО» АҚ «Антиплагиат» жүйесі арқылы алынған анықтамаға сәйкестік көздерінің фрагменттеріне 2023 жылдың тамызының 28-29 жұлдызы аралығында негіздеме беру үшін сарапшылар келесі құрамда құрылсын:

1. а.ш.ғ.к., профессор, ҚР АШҒА академигі Каирова Г.Н. – мүшесі;
2. а.ш.ғ.к. Сапаров Ғ.А. – мүшесі;
3. PhD доктор Беккалиев А.Қ. – мүшесі.

**Қаулы етті:** 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Базарбаев Сұлтан Оразбайұлының «Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары жайылымдарының деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру» тақырыбы бойынша «ҰМҒТСО» АҚ «Антиплагиат» жүйесі арқылы алынған анықтамаға сәйкестік көздерінің фрагменттеріне жасалған сарапшылардың сараптамалық қорытындысы бойынша шығарылған шешімі қабылдансын

(сарапшылардың сараптамалық қорытындысы қоса тіркелген) және  
диссертациялық жұмысы ашық қорғауға жіберілсін.

Диссертациялық кеңестің төрайымы *Рамаза* Р.Х. Рамазанова

Диссертациялық кеңестің  
ғылым хатшысы

*Жайыр*

Г.Н. Кайрова



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ  
21.07.2023 жылғы №3669/15-01-05 анықтамасы бойынша тексерілген  
Базарбаев Сұлтан Оразбайұлының «Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл  
аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары жайылымдарының  
деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарын  
құрастыру» атты тақырыбына орындалған диссертациялық жұмыстың  
сәйкестік көздерінің фрагменттері бойынша сарапшылардың

## САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Базарбаев Сұлтан Оразбайұлының «Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары жайылымдарының деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру» атты тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысында Әбдірахымов Ниет Әбдірахымұлының «Қазақстанның шөлейт және құрғақ дала аймақтарының күрең және ашық кара-қоңыр топырақтарының деградацияланған жайылымдарын бағалау және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру» (PhD 2022) диссертациялық жұмысындағы фрагменттерімен (3 бет) сәйкестіктер анықталған. Олар негізінен жайылымдарды қалпына келтіру жолдарын құрастыруға қатысты болған. Бұл сәйкестіктердің болу себебі: Базарбаев Сұлтан мен Әбдірахымов Ниеттің диссертациялық жұмыстарындағы ғылыми деректер ҚР АШМ-нің «Қазақстанның деградацияланған жайылымдарын мониторингтеу мен бағалаудың геоакпараттық жүйесін құрастыру, оларды қалпына келтіру жолдарын басқару» (№ 0118 ҚР 01223) бағдарламасы (2018-2020жж) аясында алынған. Базарбаев Сұлтан мен Әбдірахымов Ниет аталған бағдарламада кіші ғылыми қызметкерлер болып жұмыс атқарды. Олардың диссертациялық жұмыстарындағы Қазақстанда деградацияға ұшыраған жайылымдарды қалпына келтіру бойынша фрагментте келтірілген бұл мәліметтер Ж.А. Жамбакиннің., Е.Б. Айбасовтың., К.М. Молдабековтың., Ш.П. Кусаевтың, Қ.Ш. Смаиловтың және И.И. Алимаевтың көпжылдық жүргізген ғылыми-тәжірибелік жұмыстарына сүйене отырып келтірілген (оларға сілтеме жасалған).

Мазмұнына келетін болсақ, Базарбаев Сұлтан мен Әбдірахымов Ниеттің диссертациялық жұмыстарындағы құмды, кебір және сортаң топырақтар интрозоналды болғандықтан, олар Қазақстанның барлық топырақ-биоклиматтық аймақтарында кездеседі. Соған қарамастан олардың құрам-қасиеттерінде көптеген ұқсастықтар болады. Сондықтан да олардағы жайылымдарды қалпына келтіру жолдары да жалпы біріңғай болады.

Сөйтіп, Базарбаев Сұлтанның ұқсастық фрагменттері үлкен бағдарламаның шеңберінде және жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып құрастырылғандықтан, оларды плагиат материалдары ретінде қарастырудың жөні жоқ деп ойлаймыз. Онымен қоса Базарбаев Сұлтан мен Әбдірахымов Ниет соавторлықта бірге 1 мақала мен

жайылымдардың деградациясымен күрес шараларын жүргізу үшін 1 ұсыныс жариялады:

1. Kubenkulov, K., Naushabaev, A., Abdirahymov, N., Rustemov, B., & Bazarbaev, S. (2019). Particularities of Forming Desert Pastures Near Settlements of Southern Balkhash (Kazakhstan). *Journal of Ecological Engineering*, 20(8).

2. Есполов Т.И., Калдыбаев С., Алимаев И.И., Смайлов К.Ш., Бекмухамедов Н.Э., Усен К., Атакулов Т.А., Есполов Е.И., Сулейменов Б.У., Пачикин К.Н., Жапаркулова Е.Д., Жоламанов К.К., Ержанова К.М., Наушабаев А.Х., Абдрахманов И.Б., Бекетова А., Сейткали Н., Ертаева Ж., Абдирахымов Н., Базарбаев С., Рустемов Б., Таменов Т. Рекомендация для проведения мероприятий по борьбе с деградацией пастбищ. Рекомендация. Алматы, 2020. С 35-39.

**Шешімі:** Диссертациялық Кеңестің шешімі бойынша құрылған сарапшылар тобы «ҰМҒТСО» АҚ «Антиплагиат» жүйесін қолдану арқылы алынған ұқсастық фрагменттер ортақ үлкен бағдарлама шеңберінде, жайылымдарды зерттеген белгілі ғалымдардың зерттеулеріне сүйенгендіктен және топырақ жағдайларында ұқсастықтар болғандықтан Базарбаев Сұлтан Оразбайұлының «Қазақстанның тауалды шөлейт және шөл аймақтарының сұр, сұр-күрең және құмды топырақтары жайылымдарының деградациялану дәрежелерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарын құрастыру» атты тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысы автордың өзінің тікелей зерттеулерінің нәтижелері болып табылады және оны ашық қорғауға жіберуге болады деген шешім қабылдайды.

### Сарапшылар:


"ҚҰАЗУ", "Агробиология" факультеті,  
"Жеміс-көкөніс шаруашылығы,  
өсімдік және карантин" кафедрасының  
профессоры, а.ш.ғ.к., ҚР АШҒА академигі

 Каирова Г.Н.

«Ө.Ө. Оспанов атындағы Қазақ  
топырақтану және агрохимия ҒЗИ» ЖШС,  
«Топырақтар экологиясы» бөлімінің  
менгерушісі, а.ш.ғ.к.

 Сапаров Г.А.

"Жәңгір хан атындағы БҚАТУ",  
«Агротехнология» институты,  
«Топырақтану, Агрохимия және жерді пайдалану»  
жоғары мектебінің аға оқытушысы,  
PhD доктор

 Беккалиев А.К.

